

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру үйымдарында педагогикалық кеңес қызметін үйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы N 272 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 3 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5229 болып енгізілді.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрлігінің 02.07.2018 № 317 (алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспеге орыс тілінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді – ҚР Білім және ғылым министрлігінің 15.03.2016 № 199 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру үйымдарында педагогикалық кеңес қызметін үйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрлігінің 02.07.2018 № 317 (алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Орта білім департаменті (М.Т. Санатова):

1) аталған бұйрықты облыстық, Астана және Алматы қалалық білім департаменттерінің, республикалық ведомствоның бағындырылған білім беру үйымдарының назарына жеткізсін;

2) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрықты орындалуын бақылау вице-министр К.Н. Шәмшидиноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

Ф. Қуанғанов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
Міндетін атқарушының
2008 жылғы 16 мамырдағы
№ 272 бұйрығымен
бекітілген

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру үйымдарында педагогикалық кеңес қызметін үйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрлігінің 02.07.2018 № 317 (алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрлігінің 02.07.2018 № 317 (алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру үйымдарында педагогикалық кеңес қызметін үйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беру үйымдарының педагогикалық кеңес қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Білім беру үйымдарының педагогикалық кеңесі (бұдан әрі – Педагогикалық кеңес) білім беру үйымдарын алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады.

3. Педагогикалық кеңес:

1) оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;

2) оқу жұмыс жоспарларын бекіту;

3) білім беру қызметтерін ұсыну сапасы;

4) инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) үлгерімі және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу;

5) білім алушыларға қорытынды атtestаттауды өткізу, оларды емтиханға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханнан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайталау курсына қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағазымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіру туралы атtestат, негізгі орта білімді бітіргендігі туралы атtestат, жалпы орта білімі туралы үздік атtestат, жалпы орта білімі туралы атtestат, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды атtestаттауды өткізу" үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бүйрүғына сәйкес белгіленген үлгідегі анықтама беру туралы шешімдер қабылдау;

6) мемлекеттік білім беру үйымдарындағы педагогтердің оқу жүктемесін бөлу, оларды атtestаттауға дайындау, марапаттау және көтермелеу;

7) білім беру үйымының үш тілде оқытуға ауысуы;

8) экстернаттық оқыту нысанындағы білім алушыларға рұқсат беру, қорытынды атtestаттау жүргізу;

9) зияткерлік, ғылыми, спорттық жарыстарға, музыкалық-шығармашылық конкурстарға қатысушы білім алушыларға жеке ұйымдастыру;

10) сабак кестесін құрастыру;

11) білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) қабылдау, ауыстыру және бітіріп шығару;

12) білім алушының (тәрбиеленушінің) эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерделеу;

13) оқу мен тәрбие сінде тұрақты қындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру;

14) кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау мәселелерін қарастырады.

Ескерту. З-тarmaқ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 02.04.2020 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

2-тaraу. Педагогикалық кеңестің құрамы және оны сайлау тәртібі

4. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру үйымдарының барлық педагогтары кіреді.

Ескерту. 4-тarmaққа өзгеріс орыс тілінде енгізіледі, мәтін қазақ тілінде өзгермейді – ҚР Білім және ғылым министрінің 02.04.2020 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

5. Педагогикалық кеңес өз құрамынан бір оқу жылы мерзіміне төрағаны, хатшыны сайлайды.

6. Педагогикалық кеңестің құрамы бір оқу жылына білім беру үйымының басшысының бүйрүғымен бекітіледі.

7. Білім беру үйымдарының педагогикалық кеңестің отырысына педагогикалық кеңестің мүшелері шақырылады. Қарастырылатын мәселеге сәйкес қамкоршылық кеңестің, ата-аналар комитетінің мүшелері, білім беру үйымдарына қарасты медициналық пункт қызметкерлері, сондай-ақ білім алушылардың ата-аналары қосымша шақырылады.

3-тaraу. Педагогикалық кеңестің қызмет тәртібі

8. Педагогикалық кеңестің жұмысы бір оқу жылына әзірленетін және білім беру үйымының басшысы бекітетін жұмыс жоспары бойынша жүргізіледі.

9. Педагогикалық кеңестің отырысыжоспарлы (жылына кемінде 5 рет) және жоспардан тыс (туындаған проблемаларды талдауды, оларды еңсеру жолдарын пысықтауды, рұқсат берілетін жүктемені анықтауды, оқыту режимі мен нысанын өзгерту қажеттігін қарастыратын, педагогтардың немесе ата-аналардың сұраныстары бойынша үйымдастырылады) болып бөлінеді. Педагогикалық кеңестің барлық мүшелерінің 1/4 ұсынысы бойынша педагогикалық кеңестің жоспардан тыс отырысы өткізіледі.

10. Оттырысты өткізуге дайындық отырыс өткізілетін күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жоспарланады. Білім алушылармен (тәрбиеленушілермен) тікелей жұмыс жүргізетін қызметкерлер оттырыс өткізілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күн қалғанда хатшыға тиісті құжаттарды ұсынады. Педагогикалық кеңес оттырысының уақыты, орны және тәртібі мектеп әкімшілігімен келісіледі.

11. Педагогикалық кеңестің шешімі дауыс берушілердің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тен, болған жағдайда тәраға дауысы шешуші болып табылады. Педагогикалық кеңестің құзыреті шегінде қабылданған және заңнамаға қайши келмейтін шешімдері орындауға міндетті болып табылады.

12. Педагогикалық кеңестің оттырысы бойынша хаттама шығарылады. Хаттамаға кеңестің тәрағасы мен хатшысы қол қояды.

13. Педагогикалық кеңес оттырысында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімі және орындауға жауапты тұлға көрсетілген қаулы шығарады. Кеңестің кезекті оттырысында тәраға өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу нәтижесі туралы қорытынды шығарады.

14. Педагогикалық кеңестің хаттама кітапшасының әрбір беті номірленген, жіппен тігілген, білім беру үйимының мөрімен және білім беру үйимы басшысының қолымен бекітілген болуы керек.